

СҚО Статистика
департаментінің басшысы
М.Р. Нұржауыповаға

М.Р. Нұржауыпова
ісше
М.Р.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

2018 жылғы «15» маусым

СҚО Статистика департаменті басшысының 2018 жылғы 1 маусымдағы №52 бұйрығы негізінде Департамент қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау объектілері:

1. Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы
2. Сауда және қызмет көрсету саласы статистикасы басқармасы
3. Баға статистикасы басқармасы
4. Аққайың ауданы статистика басқармасы
5. Мамлют ауданы статистика басқармасы

Талданатын кезең: 2018 жылғы 1 қаңтардан 4 маусымға дейін.

Талдау өткізу кезеңі: 2018 жылғы маусымның 4-нен 13-іне дейін.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2017 жылғы 1 наурыздағы №37 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі бағыттар бойынша талдау өткізілді:

1. Қызметті реттейтін заңнаманы зерделеу

1.1. Лауазымды тұлғамен өз білгенінше шешім қабылдауға көмектесетін қағидалардың бары

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235 кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) мемлекеттік статистика саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілік қарастырылған (Кодекстің 497, 499-503-баптары).

500 (Мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізуден бас тарту), 502 (Бастапқы статистикалық деректерді бекітілмеген статистикалық нысан бойынша жинау), 503 (Әкімшілік деректерді келісілмеген нысан бойынша жинау) баптарының санкциясы ескерту және айыппұл түріндегі әкімшілік жазаны қарастырады.

Көрсетілген баптардың диспозициясы нақты заңға қайшылықты іс-әрекетті қамтиды, жазаның түрін анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір критерийсіз.

Осы нормалар дискрециондық болып табылып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қарайтын лауазымды тұлғаға өз білгенінше жаза түрі туралы шешім қабылдауға жол береді деп есептейміз.

Әкімшілік материалды қарайтын тұлғадан басқа дискрециондық мінез-құлық осы жағдайда іс жүргізуді қозғауға уәкілетті лауазымды тұлғаға да тән, өйткені ол Кодекстің 810-811-баптарының нормаларын басшылыққа алып, тұлғаға оған қатысты қысқартылған іс жүргізуді қолдану құқығын түсіндіреді, сонымен әкімшілік айыппұлды жаза түрі ретінде айқындайды.

Сонымен бірге, қысқартылған іс жүргізуді қолданбау және істі жалпы белгіленген тәртіпте қарауға табыстау тұлғаны айыппұлды, ол салынған жағдайда, 50% мөлшерінде төлеу құқығынан айырады.

Ұсыным: ҚР ҰЭМ Статистика комитетіне Кодекс баптарының санкцияларын нақтылау бөлігінде 500, 502, 503-баптарына өзгерістер енгізуге бастама білдіру бойынша ұсыныс жолдау.

1.2. Жеке және заңды тұлғалармен өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда кедергі туғызатын ережелердің болуы

Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

1.3. Нормативтік құқықтық актілерді ерікті түрде түсінуге мүмкіндік тудыратын құқықтық кемшіліктердің болуы

Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 21-тармағына сәйкес статистикалық нысанның қағаз жеткізгіште ұсынылған түзетілген нұсқасы күні және орындаушы мен басшының қолы қойылып, «түзетілгенге сену» деген сөздермен расталады. Талдауға жататын бөлімшелерде, іс жүзінде, респондентпен өзгерістер енгізілген жағдайда, респондент жаңадан толтырылған нысанды ұсынады, онда оның титул парағында Қағидалардың 21-тармағына сәйкес белгі қояды. Бұл іс-әрекет нысан бұрын электрондық түрде ұсынылған жағдайда тән. Басынан қағаз түрінде ұсынылған нысандарға түзетулер енгізілуі «алғашқы нұсқасына» жүргізілуі тиіс.

Департамент қызметкерлерімен «түзетілген нұсқасы» терминінің бір мағыналы емес түсіндермесі қолданылады деп есептейміз. Осы термин «түзетулерсіз жаңадан жазылған нысанды» да, «түзетулер енгізілген нысанды» да болжайды.

Ұсыным: Статистика комитетіне статистикалық нысанға түзетулерді енгізу тәртібін түсіндіру үшін жүсіну.

2. Персоналды басқару бойынша қызметті зерделеу

Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

2018 жылғы 1 жартыжылдықта Баға статистикасы басқармасында 1 қызметкер жұмыскердің бастамасы бойынша (басқа тұратын жерге көшуге байланысты), 1 қызметкер басқа құрылымдық бөлімшеде лауазымға тағайындалуына байланысты жұмыстан босатылды, 1 қызметкер бос лауазымға алынды.

Талдауға жататын басқа бөлімшелерде ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығында кадрлар ауысымдылығы болмаған.

Мемлекеттік сатып алу кезінде Департаменттің лауазымдық тұлғаларының әлеуетті жеткізушілермен/жеткізушілермен үлестес болуы анықталмаған.

Департамент қызметкерлерімен ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 13 қазандағы №146 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың, сонымен бірге қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді және тыйым салуларды бұзу фактілері анықталмаған.

3. Бақылау функцияларын іске асыру бойынша қызметті зерделеу

Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

Талданатын кезеңнің ішінде тексеру нысанындағы мемлекеттік бақылау өткізілмеген.

2018 жылғы сәуір-мамыр ішінде Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы, Сауда және қызмет көрсету саласы статистикасы басқармасы, Баға статистикасы басқармасымен ресми дереккөздерден, соның ішінде мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарынан алынған деректерді мониторингілеу, талдау және салыстыру түрінде әкімшілік дереккөздерге қатысты бақылау өткізілді.

Сонымен, Солтүстік Қазақстан облысы Г.Мүсірепов атын. ауданының жергілікті атқарушы органдарымен әлеуметтік желіде ауылдық округтерде азық-түлік тауарларына бағалар бойынша ақпарат орналастыру жағдайы анықталған. Осы мәселе бойынша Г.Мүсірепов атын. ауданның әкіміне сұраным жолданды, осы талдауды құрастыру күніне жауап алынбаған.

Бірінші жартыжылдықта әкімшілік дереккөздерге қатысты әкімшілік іс жүргізу қозғалмаған.

Респонденттермен алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзуды алдын алу шеңберінде, тұрақты негізде семинарлар, соның ішінде Департаменттің заң қызметі өкілдерінің қатысуымен, өткізіледі. Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде 816 семинар өткізілді, оған 4523 респондент қатысты.

Заң басқармасының басшысы



Ж. Нұрғалиева